

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 29 ақпан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі «Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз депутат Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам ведения бизнеса» был рассмотрен на заседании Сената 22 февраля текущего года и одобрен в первом чтении.

В рамках рассмотрения закона было проведено тридцать четыре заседания рабочей группы, в ходе которых внесены поправки, предусматривающие:

приведение отдельных норм в соответствие с принципами и подходами регуляторной политики;

предоставление возможности перевода земель государственного лесного фонда в земли других категорий для целей, связанных со строительством дорог областного и районного значения;

установление порядка применения предельной торговой надбавки;

предусмотрение поддержки получателям государственной адресной социальной помощи при реализации механизмов стабилизации цен на социально значимые продовольственные товары;

применение данных о нормируемых потерях, установленных в техническом проекте разработки месторождения, в целях расчета налога на добычу твердых полезных ископаемых;

совершенствование механизма обеспечения отечественным сырьем предприятий обрабатывающей промышленности;

перерасчет долей компонентов единого платежа;

предоставление равного возмещения затрат за использованную электроэнергию в случае превышения энергопередающими организациями средних показателей отключений субъектам предпринимательства вне зависимости от места их нахождения.

Все предложения и замечания сведены в сравнительную таблицу.

Наряду с обозначенными поправками активное обсуждение вызвали и другие нормы. В первую очередь это связано с нераспространением процедуры анализа регуляторного воздействия на нормативные правовые акты в сферах налогового и таможенного законодательства.

Одним из основных доводов отмены АРВ являются длительность и сложность данной процедуры, как следствие, затягивание сроков внесения законопроектов в Парламент.

Однако нужно понимать, что АРВ представляет собой систематический процесс оценки нормативных правовых актов, направленный на определение потенциальных последствий для бизнеса, общества и государства в целом.

Поэтому, на наш взгляд, Правительству в первую очередь необходимо кардинально пересмотреть процедуру проведения АРВ, а также обеспечить тщательный мониторинг практической реализации данной новеллы.

Также хотелось бы отметить, что эффективность отдельных норм будет зависеть в первую очередь от качественно подготовленной подзаконной базы. Законом «О правовых актах» определено, что к проекту закона необходимо прилагать проекты подзаконных нормативных правовых актов. Однако, как показывает практика, государственные органы зачастую не соблюдают данного законодательно регламентированного порядка. В итоге такая недоработка приводит к непониманию механизмов практической реализации отдельных норм закона. Это, в свою очередь, приводит к недовольству и критике со стороны отечественных предпринимателей.

В этой связи в рамках рассматриваемого сегодня закона Правительству следует уделить особое внимание разработке правил изъятия и отзыва с реализации продукции, не соответствующей требованиям. Важно, чтобы данный документ обеспечил баланс интересов государства и субъектов предпринимательства, так как данный вопрос продолжает вызывать определенные опасения у бизнес-сообщества.

Кроме того, Правительству следует определить конкретные условия, механизм и порядок оказания мер поддержки субъектам внутренней торговли. Ранее коллеги уже поднимали этот вопрос.

Важно, чтобы помощь государства сфере торговли принесла ощутимый социально-экономический эффект, а не стала очередным распылением бюджетных средств в пользу крупных торгово-развлекательных центров.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және заңның көрсетілген баптарының жаңа редакциясын ұсына отырып оны Мәжіліске қайтаруды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Тұяқбайқызы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

Бас комитет заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтаруды ұсынып отыр. Осыған орай кестеге 21 түзету енгізілген.

Әріптестер, осы түзетулерге байланысты қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясы мақұлданды.

Енді Мәжіліс қабылдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған қалған баптар мақұлданды.

Енді заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтару туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заңның жекелеген баптары мақұлданбады және заң олардың жаңа редакциясымен Мәжіліске қайтарылды.

Құрметті әріптестер! Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кәсіпкерліктің дамуына үнемі баса мән беріп келеді. Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың негізінде елімізде кәсіпкерлік заңнаманы жаңарту бойынша жұмыстар қолға алынып жатыр.

Бүгін қаралған заң бизнестің дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасауды көздейтін ауқымды түзетулер топтамасын қамтиды. Атап айтқанда, заң аясында бизнеске әкімшілік жүктемені азайтуға және бизнес үшін негізсіз кедергілерді алып тастауға бағытталған өзгерістер бар. Сондай-ақ мемлекеттік бақылау және қадағалау тәртібін реттейтін нормалар қайта қаралды. Сонымен қатар бүгін Палата депутаттары заңның

жекелеген баптарын жаңа редакцияда мақұлдады. Осы түзетулер арқылы кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңның кейбір нормалары бизнестің және қоғамның мүдделерін ескере отырып өзектендірілді.

Жалпы, қаралған заң елімізде кәсіпкерліктің одан әрі дамуына оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! «Халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы орнықты даму мақсаттарының нысаналы индикаторларын ескеретін жаһандық халықаралық негіздемелік құжат болып табылады.

Бұл конвенцияны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1997 жылғы 21 мамырда қабылдап, 2014 жылғы 17 тамыздан бастап ол күшіне енді. Қазіргі уақытта конвенцияның қатысушысы 37 мемлекет. Қазақстанмен көршілес елдердің ішінде тек Өзбекстан Республикасы ғана конвенцияның мүшесі.

Конвенция трансшекаралық өзендер мен көлдерді және олармен байланысты жерасты суларын бүкіл әлемде тең құқықты және тұрақты басқаруға ықпал ететін жаһандық құқықтық механизм болып табылады.

Конвенцияға қосылу Қазақстанның трансшекаралық өзендерді халықаралық құқық қағидаттары негізінде пайдалану және қорғау мәселесі бойынша көрші елдермен өзара іс-қимылдағы ұстанымын нығайтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Еуразия құрлығындағы өзендер мен каналдар – баршамызға ортақ табиғат байлығы. Сондықтан көршілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек. Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер», – деп атап өтті.

Қаралып отырған конвенция дәл осы мәселелерді шешуге бағытталған, онда халықаралық су ағындарын әділ әрі ақылға қонымды пайдалану қағидаттары айқындалған, сонымен қатар трансшекаралық суды пайдаланудың неғұрлым өткір мемлекетаралық мәселелерін шешу үшін ортақ құқықтық алаң құруға мүмкіндік береді.

Конвенцияға қосылудың негізгі факторларының бірі Өзбекстанмен трансшекаралық өзен бассейндерінде гидротехникалық құрылыстар салу жөнінде жоспарланған іс-шараларды үйлестіру, оның ішінде Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы

арасындағы трансшекаралық су айдындарын бірлесіп басқару және пайдалану туралы келісім жобасының нормаларын талқылау және келісу болып табылады.

Конвенция тараптары мынадай міндеттемелерді қабылдады:

басқа тараптарға айтарлықтай зиян келтірмеу;

трансшекаралық өзендерді басқару бойынша ынтымақтастық жасау;

су ағынының жай-күйі және суды пайдалану бойынша деректер мен ақпаратпен алмасу.

Аталған шаралар трансшекаралық су ағындары бойынша тиімді ынтымақтастықтың кепілі болып табылады.

Құрметті әріптестер! Осы заң комитеттің барлық тиісті отырыстарында қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен бұл заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі қабылдаған «Халықаралық су ағындарын кеме жүрмейтін пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің өкіліне.

Қазақстанда су шаруашылығы бассейндері бойынша жер үсті су ресурстарының жылдық көлемі жылына 57,6 километр кубке тең жергілікті ағыннан және біздің аумаққа сырттан келіп түскен 50,9 километр кубты құрайтын жылдық ағыннан тұрады. Бұл біздің еліміздің сырттан келіп түсетін су ресурстарына айтарлықтай тәуелділігін және халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлері мәселелерін құқықтық реттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Заңның түсіндірме жазбасына сәйкес бүгінгі күні конвенцияға 37 мемлекет, оның ішінде бізбен шекаралас елдерден Өзбекстан қатысушы болып отыр.

Конвенцияның 26 және 27-баптарында халықаралық су ағынына жататын гидротехникалық құрылыс-жайларды, қондырғыларды және өзге де объектілерді қауіпсіз пайдалану және күтіп ұстау туралы нормалар қарастырылған. Осыған байланысты менің бірқатар сұрақтарым бар.

Өзбекстанмен трансшекаралық су ресурстары бойынша қандай қондырғылар және өзге де гидротехникалық объектілер бар? Олардың қазіргі жай-күйі қандай және тиісті объектілерді екі мемлекет қалай пайдаланады?

Қаралып отырған конвенцияны ратификацияламаған Қазақстанмен шекаралас басқа елдермен трансшекаралық өзендер мен көлдерді пайдалану мәселелері құқықтық тұрғыдан қалай шешіледі? Мысалы, Қырғыз Республикасымен бірге Шу және Талас өзендерін пайдалану бөлігінде. Рақмет.

ТӨРАҒА. Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Бекнияз Болат Қабыкеноұлы, жауап беріңіз.

БЕКНИЯЗ Б.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Мұрат Болатұлы, трансшекаралық өзендерді басқару және тиімді пайдалану бойынша бұл қабылданатын конвенцияның бізге тигізетін әсері өте көп. Өзбекстан тарапына келсек, Сырдарияның ағысында екі су қоймасы бар. Ол Шарбақ пен Ахангаран. Сырдарияда одан басқа Тоқтағұл мен Бахри Точек (бұрынғы Қайраққұм) су қоймалары бар. Олардың бәрінің қауіпсіздігі қамтамасыз етілген, қазіргі таңда ешқандай қауіп жоқ. Сол себепті қырғыз тарабымен Шу, Талас өзендері бойынша арнайы Шу-Талас комиссиясы бар. Жылда екі рет сол комиссияның отырысы болады. Вегетация кезінде, вегетация аралық кезеңде лимиттер де, нормалар да, бәрі жыл сайын қарастырылады.

ТӨРАҒА. Демек Қырғызстан бұл конвенцияға қосылған жоқ қой? Солай ғой? Қырғызстан қосылған жоқ, тек Өзбекстан ғана қосылған. Сол себепті Қырғызстанмен трансшекаралық өзендерге байланысты мәселелерді реттеген кезде біздің тиісті халықаралық құқықтық негізіміз бар ғой?

БЕКНИЯЗ Б.Қ. Бұл конвенцияға Өзбекстан ғана қосылған, Қырғызстан екі конвенцияға да қосылған жоқ. Ол – Нью-Йорк конвенциясы және оның алдындағы Хельсинки конвенциясы. Екеуіне де қосылған жоқ. Бірақ біз трансшекаралық өзендерді пайдалану мен реттеуді екі жақтағы комиссиялар арқылы шешеміз және де басқа халықаралық жалпы құқық бар. Оны да пайдаланамыз.

ТӨРАҒА. Келесі сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрақтарым Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің өкіліне.

Қазақстанның су ресурстары шектеулі мемлекеттер қатарына жататынын ескере отырып және сумен қамтамасыз ету мәселелерінде сырттан келетін су ресурстарына тәуелділігін ескере отырып халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану мәселелерін Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясына қосылу арқылы құқықтық реттеу біздің еліміз үшін өзекті болып табылады.

Конвенцияның 21-бабына сәйкес оған қатысушы мемлекеттер су ағынының басқа мемлекеттеріне, олардың қоршаған ортасына, оның ішінде халықтың денсаулығына немесе қауіпсіздігіне елеулі залал келтіруі мүмкін болған жағдайда жеке және қажет болған кезде бірлесіп халықаралық су ағынының ластануын болғызбайды, азайтады және бақылауда ұстайды. Осылайша конвенцияның 21-бабы қатысушы мемлекеттердің халықаралық су ағынының ластануын болғызбау, азайту жөніндегі міндеттемелерін құқықтық реттеуге және тиісті бақылауды жүзеге асыруға арналған. Осыған байланысты сұрақтар туындап отыр.

Конвенция аталған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету бойынша қандай тетіктерді қарастырады? Егер конвенцияға қатысушы мемлекет халықаралық су ағындары суларын ластауға жол беретін болса, онда қандай жауапкершілік туындайды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

БЕКНИЯЗ Б.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Расында да 21-бапта ол туралы жазылған, сонымен қатар осы конвенцияның 9-бабында ақпарат алмасу да көзделген. 9-бапта және 33-бапта екі жақ келісімге келе алмай жатқан кезде арнайы үшінші жақтағы үшінші тарапқа ұсыныс енгізіледі (халықаралық ұйымдар болсын немесе басқа мемлекет болсын). Сонымен қатар сол бап бойынша арнайы комиссия құрылады. Комиссия ақпарат алмасуға, ақпарат беруге құқықты болады. Ол комиссияға міндетті түрде ақпарат беру керек және де ол комиссия сол аумаққа барып зерттеп, қай жерден қандай ластанушылық пайда болғанын білуге құқығы бар. Осындай механизмдер қарастырылған.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Су және ирригация министрлігіне.

Қазақстанның ең ірі және маңызы зор трансшекаралық Жайық өзенінің экологиялық жай-күйі проблемасына ерекше алаңдаушылық бірнеше рет қоғам тарапынан көтерілді. Жайық өзенінде су ағыны көлемінің азаюына бірнеше себептер бар. Бұл – Жайық өзенінің бассейнінде су аз кезең циклінің басталуы, климаттық факторлар, бассейндегі ағынның реттелуі, гидрографиялық желісінің жай-күйінің нашарлауы.

Жайық өзенінің суын ластау мәселесі өткір тұр, себебі ол біздің еліміздің аумағына ластанған түрде келеді. Жайық өзеніндегі жағдайды жақсарту үшін Ресей тарабымен гидрологиялық режимге бірлескен зерттеулер жүргізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Осы мақсатта 2020 жылдың қазан айында еліміздің ірі өзендер бассейндерінде Ресеймен бірлесе отырып зерттеулер жүргізу бойынша жол картасы жасақталды және орындалу мерзімдері нақтыланып, оны іске асырудың жұмыс кестесі бекітілгені белгілі. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Жайық өзенінің күрделі жағдайын шешу үшін министрлік тарапынан тағы қандай шаралар қабылданатын болады және қарастырылып отырған конвенцияда Ресей тарабы жасақталмаған. Осыған орай Жайық өзеніндегі проблемаларды шешу үшін болашақта қиындықтар туындай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Болат Қабыкенұлы, жауап беріңіз.

БЕКНИЯЗ Б.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Расында да Жайық өзені өте күрделі жағдайға ұшырап отыр. Негізі 2020, 2021, 2022 жылдары судың тапшылығы болды, қазіргі таңда су көлемі кішкене көтеріліп келе жатыр. Соған қарамастан бізде алты өзен бойынша Ресей тарабымен алты комиссия бар. Соның

ішінде Жайық өзеніне келсек, жаңа сіз айтқандай гидрологиялық зерттеу өткізіліп жатыр. Жайық өзеніне 70 пайыз судың келетін уақыты көктем уақыты. Сол себепті сол гидрологиялық зерттеуге, Жайық бойындағы су қоймаларын және су тасқыны кезінде келетін суды екі кезеңде реттеуге арнайы жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ТӨРАҒА. Болат Қабыкенұлы, Президенттің Жайыққа байланысты тиісті тапсырмалары бар. Сондықтан Ресей тарабымен дәйекті түрде, табанды түрде Жайыққа байланысты жұмыстарды ары қарай жалғастыру керек. Ол жұмыстардың нақты нәтижесін халық көру керек, содан кейін оны сіздер баяндауларыңыз керек. Сол себепті осы бағыттарда нақты, дәйекті жұмыстарды жүзеге асырасыздар деп сенеміз.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Жанболат Әкебайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу ел алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі. Көршілес әрі достас елдермен су мәселесі бойынша әрдайым өзара келісімде болуымыз абзал.

Еліміздегі су ресурстарының жартысына жуығы көрші мемлекеттерден келетінін ескере отырып олармен екіжақты әріптестік орнату елдік мүдде деп санаймыз.

Қаралып отырған конвенцияға сәйкес тараптар мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

басқа тараптарға айтарлықтай зиян келтірмеу;

трансшекаралық өзендерді басқару бойынша ынтымақтастық жасау;

су ағынының жай-күйі және суды пайдалану бойынша деректер мен ақпараттармен алмасу.

Бұл конвенция су ресурстарын бірлесіп рационалды әрі тиімді пайдалануға және сақтауға септігін тигізеді деп сенеміз.

Қазіргі уақытта шектес мемлекеттермен су қатынастарын реттеу, трансшекаралық суларды ұтымды пайдалану және қорғау мәселелері бойынша ынтымақтастықты қамтамасыз ету әрдайым бақылауды талап етеді. Аталған шаралар трансшекаралық су ағындары бойынша тиімді ынтымақтастықтың кепілі болады, сондай-ақ еліміздің су қауіпсіздігіне оң әсер берері анық.

Құрметті әріптестер, осы заңды қолдауға шақырамын және өзімнің қолдайтынымды жеткіземін.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәкен Қаланұлы.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын



мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Бұл конвенция қатысушы елдер арасында халықаралық су ағынын оңтайлы және орнықты пайдалану шарттарын бекітеді. Сонымен қатар құжат халықаралық су ағындарының экожүйесін қорғау және сақтау жөніндегі шараларды айқындайды.

Конвенцияны ратификациялау халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және көрші елдермен қатынастарды нығайтуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қарауларыңызға ұсынылып отырған заң Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысын үйлестіру саясатын жүргізуге бағыталған.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдардың ортақ нарығының жұмыс істеуі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт пен 2014 жылғы 23 желтоқсандағы медициналық бұйымдар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге, сондай-ақ медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы Еуразиялық экономикалық комиссияның актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа медициналық бұйымдарды тіркеу тек аталған Еуразиялық экономикалық одақ ережелері бойынша жүзеге асырылуы тиіс еді. Алайда ауыспалы кезеңнің аяқталуына медицина нарығының дайын еместігі туралы бизнес-қоғамдастықтың өтінішіне байланысты 2022 жылдың соңында Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) алқасы Ұлттық қағидалар бойынша медициналық бұйымдарды тіркеу рәсімін 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту туралы хаттама жобасын әзірледі және мақұлдады. Осы орайда заң Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасының талаптары бойынша медициналық бұйымдарды тіркеу мерзімін ұзартуды көздейді.

Бүкіл әлемде медициналық бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігінің параметрлері мемлекеттік деңгейде бақыланады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы медициналық бұйымдарды міндетті түрде мемлекеттік тіркеуді және тіркеу куәлігін алуды талап етеді. Сондықтан хаттама нормалары Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде денсаулық сақтау

саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты тереңдетуге, қауіпсіз, сапалы және тиімді медициналық бұйымдардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде медициналық бұйымдар тапшылығының туындау қаупін жоюға бағытталған.

Құжат теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкелмейді, қосымша қаржы шығындарын талап етпейді.

Заң жұмыс тобының және комитеттің отырыстарында, кеңейтілген отырыста жан-жақты қаралып талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдардың (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Мәжіліс қабылдаған заңды Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкіліне.

Келісімнің нормаларына сәйкес медициналық бұйымдардың ішкі нарығын сақтау, сондай-ақ медициналық бұйымдарды тіркеудің толық ауысуына дайындық мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер ұлттық заңнамаға сәйкес медициналық мақсаттағы жаңа бұйымдарды тіркеуге рұқсат беретін рәсімді 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартады.

Жалпы нарық ережелеріне дайындық бойынша процедуралық мәселелердің бір жағынан нарықтың барлық қатысушылары үшін экономикалық перспективаларды кеңейтетіні, екінші жағынан құқықтық реттеудің жалпы бағыттарын анықтайтыны анық. Сондықтан заң тұтастай алғанда қолдауға ие, сонымен қатар бірнеше сұрақ туындауда.

Қазақстан Республикасында өндірілген қандай медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде кеңінен ұсынылып сұранысқа ие?

Министрлік тарапынан мониторинг жүргізілді ме?

Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде жарнама мәселелері реттелді ме?

Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтан басқа елдермен медициналық бұйымдардың айналысының бірыңғай қағидаттары мен ережелері туралы екіжақты келісімдері бар ма? Егер бар болса қай мемлекеттермен?

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау вице-министрі Бүркітбаев Жандос Қонысұлы, жауап беріңіз.

БҮРКІТБАЕВ Ж.Қ. Қайырлы күн, құрметті депутаттар!

Сұрағыңызға рақмет. Бірінші мәселе, как отметил докладчик, на сегодня это четвертый протокол. Первым протоколом было предусмотрено сохранение регистрации 12 тысяч медицинских изделий, которые на сегодня есть. Эти 12 тысяч медицинских изделий по первому протоколу будут бессрочные.

В настоящее время у нас 150 предприятий являются отечественными производителями медицинских изделий. Они производят порядка 2 тысяч медицинских изделий.

Когда вступят правила, четвертый протокол, с 1 января 2026 года, мы готовимся к тому, что наши отечественные производители зарегистрировались по правилам ЕАЭС, плавно выходили на 200-миллионный рынок. В конечном итоге у отечественных производителей будет возможность развивать экспортный потенциал. Здесь, конечно, возникнут вопросы качества и конкурентоспособности. В конечном итоге ЕАЭС поможет нам определить наш продукт качественным и конкурентоспособным на пространстве ЕАЭС.

В части рекламы. На сегодня реклама регулируется национальным законодательством Республики Казахстан.

По вопросу в части того, есть ли у нас, скажем так, отдельные соглашения со странами ЕАЭС. На сегодня у нас есть международные обязательства с пятью странами в рамках ЕАЭС. Вся деятельность в части обеспечения медицинскими изделиями регламентируется международными обязательствами по правилам ЕАЭС. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бұл сұрақтың аясында тек қана ЕАЭО емес, басқа да мемлекеттермен, ЕАЭО кірмейтін мемлекеттермен де медицина саласындағы осындай бұйымдардың айналымына байланысты қандай құқықтық негіздің аясында реттеледі және қандай мемлекеттермен осындай қарым-қатынастарымыз бар деген де сұрақ болды. Соған жауап берсеңіз.

БҮРКІТБАЕВ Ж.Қ. Мәселе былай, мысалы, «Pfizer» препараты бар. Производится в Соединенных Штатах Америки, соответственно, у нас есть меморандум с «Pfizer» по реализации проекта по производству иммунобиологических препаратов в Республике Казахстан. Также у нас есть соглашение с «Bayer», с производителем, который расположен на территории Германии. То есть у нас есть взаимоотношения с отдельными крупными транснациональными компаниями, которые находятся в той или иной стране.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован Министерству здравоохранения.

Среди основных целей Соглашения о единых принципах и правилах обращения медицинских изделий в рамках Евразийского экономического союза, помимо взаимной

заинтересованности сторон – участников ЕАЭС в безопасности и эффективности медицинских изделий, отмечено повышение конкурентоспособности производимых в рамках ЕАЭС медицинских изделий.

В наш адрес от поставщиков медицинских изделий поступают жалобы на непрозрачность и непредсказуемость процедуры их регистрации вследствие того, что необходимые наименования медицинских изделий без объяснения причин исключаются из нормативных актов, тем самым лишая производителей возможности их поставлять. В результате отдельные лечебные учреждения за счет собственных средств закупают дорогостоящие изделия импортного производства, а казахстанский производитель не может реализовать свою продукцию.

В этой связи коротко расскажите, пожалуйста, о механизме процедуры регистрации медицинских изделий и проблемах, существующих в этой области, соответственно, какие меры необходимо принять для увеличения доли отечественного товаропроизводителя на казахстанском рынке медицинских изделий. Спасибо.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

БҮРКІТБАЕВ Ж.Қ. Спасибо за вопрос.

В части регистрации медицинских изделий. В соответствии с национальной процедурой регистрации медицинских изделий мы придерживаемся правил регистрации, то есть те или иные продукты, которые регистрируются, проходят клинические испытания. От производителя мы принимаем из страны происхождения. А в части Республики Казахстан, если они в дальнейшем будут регистрироваться по правилам ЕАЭС, то необходимо проводить клинические испытания на территории Республики Казахстан.

В части поддержки отечественных товаропроизводителей. На сегодня, как я отметил, у нас порядка 2000 медицинских изделий производятся на территории Республики Казахстан. Часть из них, чтобы поддержать отечественных производителей, поддержана офтейк-контрактами. То есть если отечественный производитель производит на территории Республики Казахстан продукт, то его продукт в рамках закупа ТОО «СК-Фармация» из списка единого дистрибутора имеет большую вероятность заключения 10-летнего контракта, то есть в течение 10 лет его продукт будет закупаться на территории Республики Казахстан. Но при этом жесткие требования есть к вопросу качества производимой продукции, должно быть качество. В дальнейшем, если есть качество, то, как я ранее отметил в своем выступлении, нам необходимо, чтобы продукт, который производится на территории Республики Казахстан, был конкурентоспособным. Если продукт будет зарегистрирован по правилам ЕАЭС, то есть большая возможность экспортировать производимый продукт на территории ЕАЭС. На территории ЕАЭС тоже будут определенные преференции для тех производителей, которые производят продукт по правилам ЕАЭС, продукт будет приоритетным на всей территории ЕАЭС. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министерству здравоохранения.

В целях сохранения рынка медицинских изделий, а также необходимой подготовки к полному переходу регистрации медицинских изделий в соответствии с правилами ЕАЭС государствами – членами ЕАЭС принято решение о пролонгации процедуры регистрации медицинских изделий, позволяющей регистрировать новые медицинские изделия по национальному законодательству до 31 декабря 2025 года.

Из вышеизложенного возникают два вопроса.

1. Насколько сегодня здравоохранение готово проводить клинические исследования и клинико-лабораторные испытания медицинских изделий в клинических базах по правилам Евразийского экономического союза? Какие меры принимаются для того, чтобы наша готовность была обеспечена до 31 декабря 2025 года?

2. Достаточно ли квалифицированных врачей для проведения данных исследований?

Рақмет.

ТӨРАҒА. Жандос Қонысұлы, жауап беріңіз.

БҮРКІТБАЕВ Ж.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Первое. Решение о пролонгации до 1 января 2026 года регистрации медицинских изделий по национальной процедуре – это было коллегиальное решение стран ЕАЭС. Оно связано с тем, что должна быть соответствующая материально-техническая база, то есть лабораторная возможность для того, чтобы проводить клинические исследования. В этой связи страны ЕАЭС приняли согласованное, коллегиальное решение о продлении до 1 января 2026 года.

На сегодня Республика Казахстан располагает двумя лабораториями. Первая лаборатория Министерства здравоохранения, которая проводит данные исследования, вторая лаборатория Министерства торговли и интеграции.

Кроме того, по поручению Главы государства мы отработываем реализацию проекта по созданию развернутой лаборатории на базе Национального центра экспертизы лекарственных средств до 2026 года. В конечном итоге данная лаборатория станет локомотивом дальнейшего развития производства медицинских изделий и дальнейшего сопровождения на территории ЕАЭС. То есть данная лаборатория будет проводить клинические исследования, станет основой интеллектуального сопровождения отрасли, базой для подготовки кадров, чтобы успешно в дальнейшем реализовывать те или иные проекты по производству медицинских изделий.

На сегодня Главой государства поставлена амбициозная задача перед фармпромом республики – до 2029 года довести уровень производства лекарственных средств и медицинских изделий в Республике Казахстан до 50 процентов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Вторая часть вопроса была по кадрам. Насколько у нас есть подготовленные кадры в целом по данному вопросу, но и по лабораториям, чтобы работать в этих лабораториях и так далее? Пожалуйста.

БҮРКІТБАЕВ Ж.Қ. По кадрам. Здесь необходимо понимать, во-первых, это медицинские работники, это будут специалисты, которые осуществляют лечебную деятельность, во-вторых, это провизоры, в-третьих, это системные инженеры для реализации тех или иных проектов.

В этом направлении системная работа Министерством здравоохранения проводится. В ряде медицинских вузов увеличено количество специалистов, которых необходимо готовить, в том числе фармакологов, провизоров. С техническими вузами отработывается вопрос, есть протокольное поручение, которые будут готовить нам системных инженеров. Например, для того чтобы осуществить проект производства радиофармпрепаратов, по сути, это ядерная медицина, нам нужны физики-ядерщики. Мы сейчас усиленно работаем над тем, чтобы у нас был ряд специалистов, которые могли сопровождать производство тех или иных радиофармпрепаратов. То есть большая системная работа проводится. В количественном соотношении наши медицинские вузы задействованы, наши технические вузы задействованы, программа «Болашақ» задействована, по которой мы будем обучать наших специалистов. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары басымдықтарының бірі – қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі. Оның мақсаты тұрақты денсаулық сақтау жүйесі тұжырымдамасын дамыту.

Азаматтарды сапалы және қауіпсіз медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі, оны іске асыру үшін медициналық бұйымдарды әкелу, пайдалану, сату, сондай-ақ медициналық бұйымдарды өндіру үшін міндетті шарт болып табылатын медициналық бұйымдарды тіркеу сияқты мемлекеттік рәсім талап етіледі.

В этой связи на территории ЕАЭС обращение медицинских изделий регулируется Соглашением о единых принципах и правилах обращения медицинских изделий в рамках ЕАЭС от 23 декабря 2014 года, которое имеет целью унифицировать и гармонизировать законодательство государств-членов с установлением единых требований к медицинским изделиям.

